

«Бекітемін»  
Мектеп меңгерушісінің м.у.а  
Н.Бреженов



**№50 бастауыш білім беретін мектебі 2022-2023 оқу  
жылындағы  
Педагог-психологтың жылдық есебі**

**Педагог-психолог: Д Утемисова**

**2022-2023- оқу жылында №50 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген психологиялық жұмыстардың есебі.**  
**Оқушылардың жалпы саны-46**

| К/с     | Сынып    | Оқушы саны | Қыз | Ұл | Әлеуметтік жағдайы нашар | Жартылай жетім | Тұл жетім | Ата-анасы ажырасқандар |
|---------|----------|------------|-----|----|--------------------------|----------------|-----------|------------------------|
| 1       | МАД-тобы | 5          | 5   | ғ  | 1                        |                |           | 1                      |
| 2       | 1-сынып  | 8          | 5   | 3  | 1                        |                |           |                        |
| 3       | 2-сынып  | 8          | 7   | 1  | 1                        |                |           | 1                      |
| 4       | 3-сынып  | 15         | 7   | 8  |                          |                |           |                        |
| 5       | 4-сынып  | 10         | 3   | 7  | 1                        |                |           |                        |
| Барлығы |          | 46         | 27  | 19 | 4                        |                |           | 2                      |

**Қыркүйек айында** 1-4 сынып оқушыларынан мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн Йерасек тестімен Н.Г. Лусканованың «Мектеп мативациясы сауалнамасы» әдістемесі алынды. Нәтижесінде 16 оқушы Жоғары, 15 оқушы Орта, 2-оқушыда Төмен дәреже көрсетті. Төмен және Жоғары дәреже көрсеткен оқушылармен жағымды бейімделуіне жағдай жасау мақсатында «Сәлеметсіңбе мектеп» тренингі жүргізілді. Бірінші сыныптың бейімделуіне байланысты ата-аналарына психологиялық кеңес берілді. 1-сынып оқушыларымен Саусақ моторикасын дамытатын жаттығулар жүргізіліп отырды.

**Қазан айында** Отбасындағы баланың қарым-қатынасы мен эмоционалды жағдайын анықтау үшін «Отбасы суреті» әдістемесі алынып, нәтижесі 33-оқушы қатысты. Отбасылық суретте балалардың отбасымен қарым-қатынасы жақсы екендігін байқауға болады.

1-сынып оқушыларымен логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Не артық», әдістемесі, зейіндерін түзету «Шатасқан сызықтар» әдісі алынды.

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында «Баспалдақ» әдістемесі алынды. 1-4 сынып оқушыларнан барлығы 46 оқушы қатысып, Жоғарысы 22, Ортасы 12, Төмені 2еу.

Оқушылардың жеке мотивация аймағын түзету жұмыстарын жүргізу мақсатында «Мейірімділік» жаттығуы жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларымен өзін ортада жақсы сезінуі, бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында «Достық» тренингі жүргізілді.

Денсаулықпен өмірлік дағдыларды қалыптастыру аясында 3-4 сынып оқушыларымен спорттық сайыс «Көңілді старт» ойыны жүргізілді.

«Темпирамент» типін анықтау бойынша алынған нәтиже 1-4 сынып оқушылары - 41 қатысқаны-41

| Сыныбы  | Қатысқаны | Холерик | Флегматик | Меланхолик | Сангвин |
|---------|-----------|---------|-----------|------------|---------|
| 1-сынып | 8         | 1       | 3         | 2          | 2       |
| 2-сынып | 8         | 1       | 5         | 1          | 1       |
| 3-сынып | 15        | 3       | 6         | 3          | 3       |
| 4-сынып | 10        | 1       | 4         | 2          | 3       |
| Барлығы | 41        | 6       | 18        | 8          | 9       |

**Қараша айында** 1-4 сынып оқушыларының қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі алынды. Нәтижесінде оқушылардың қарым қатынасы жақсы, шеттетіліп қалған оқушы анықталмады. Үлгерімі төмен оқушылармен логикалық ойлауын, зейінін дамыту жаттығулары алынды.

Позитивті өзін-өзі бағалауды дамыту, сенімділік сезімін арттыру мақсатында «Мен өзімді мақтан тұта аламын» тақырыбында топтық түзету жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдер мен ата-аналарға уақытында кеңестер беріліп отырды.

**8-16 желтоқсан** аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16-күн»

Республикалық науқанын өткізу бойынша іс-шара жұмыстары жүргізілді. 1-4 сынып оқушылары арасында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сурет байқауы жүргізілді. 13-22 желтоқсан аралығында өтілген «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді. Психологиялық апталық аясында біршама жұмыстар жүргізілді. 13 желтоқсан күні психологиялық апталықтың ашылу салтанаты өтті. «Бақытты балалық шақ» тақырыбында 4-сынып оқушыларымен эссе байқауы жүргізілді. «Бақытты отбасы», «Психология ашылмаған әлем» тақырыбында суреттер байқауы өтті.

«Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегіде жемісті» ұстаздармен тренинг жүргізілді.

20 желтоқсан күні «Ата- ана бала тәрбиесінің айнасы» тақырыбында ата-аналармен тренинг жүргізіліп, ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын, жадынамалар, кеңестер алды.

21 желтоқсан күні 1-4 сынып оқушыларымен «Мейірімді болса жүрек орындар тілек» тақырыбында қызықты психологиялық жаттығулар ұйымдастырылды.

«Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады?» оқушыларға буллинг туралы түсіндірме жұмыстарын жүргіздік.

**Қаңтар айында.** Мұғалімнің ашушандығын бағалау тесті алынды, және «Ашу ыза билегенде не істеу керек?» тренинг мұғалімдермен жүргізілді. Дарынды, үлгерімі төмен, тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс. Тренинг «Бақытты балалық». 1-4 сынып оқушыларымен **Ақпан.** Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін даму деңгейін анықтау. Алынған нәтиже бойынша оқушылардың коммуникативтік, танымдық процестерін түзету – дамыту жаттығулары жүргізілді. Психологиялық қызымет бойынша «Жылу LIFE» жобасы, аптаның бір күні-психологиялық күн іс-шарасы: ұстаздармен, оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату, отбасы, туыстар арасындағы қарым-қатынас барысын нығайту, кешірімді болуға баулу, өз эмоциясын реттей білуге ықпал жасау мақсатында жүргізілді. Іс-шара барысында керемет көңіл-күй, сезім, қуаныш, жағымды эмоция орын алды.

**даурыз.** Дарынды , үлгерімі төмен, тәуекел тобындағы оқушылармен аутоагрессияның алдын алу бойынша жұмыстар. «Кактус ертегісін құрастыру». Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту , профилактикалық әңгіме «Қарым-қатынас мәдениеті.» Жағымды көңіл-күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға үйрету. Топтың ынтымақтастығын арттыру; « Ой, сезім, мінез-құлық» тақырыбы бойынша түсіндіру жұмысы. «ББМЖ сынақтарына қалай дайындалу керек?» 4- сынып оқушыларына сынақтарға дайындық кезінде психоэмоционалдық асқынудың алдын алу , түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Сәуір.** МАД тобындағы оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында «Сандар елінде», «Әріптер әлемі» тақырыбы бойынша диагностика жұмысы үргізілді. МАД тобы оқушылары сәтті бейімделуін дамыту аясында біршама жаттығулар жүргізілді. Дарынды , үлгерімі төмен, тәуекел тобындағы оқушылармен «Еркін бала» тренингі жүргізілді.

**Мамыр.** МАД тобымен жұмыс «Графикалық диктант», «Ер адамның суретін салу», «Үлгі ереже», «Сауалнама» , «Жалпылап айт» тб жаттығулар жүргізілді. 4- сынып оқушыларының «Мен болашақ бесінші сынып оқушысымын» тақырыбында шығарма, және 4-сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары мен бірнеше ойын жаттығулар жүргізіліп, оқушылар психологиялық қолдау, жағымды ахуалды, өмірге көз қарасы артып, өздерін қолайлы сезінді.

Мектеп меңгерушісінің м.у.а.з  
Педагог-психолог:



Н.Ережепов  
Д.Утемисова